

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 шілдедегі N 621 қаулысымен құрылған Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін жою туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 4 тамыз N 1074

Қазақстан халықтарының ұлттық игілігі болып табылатын тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау, зерделеу мен жаңғырту мәселелерінің кешенін басқару құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Ұлттық ғылым академиясымен келісілген Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи-мәдени мұралар департаментін жою туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тарихи- мәдени мұралар департаментінің құрамына кіретін:

материалдық мәдени ескерткіштердің ғылыми-зерттеу және жобалау институты мен "Алматыреставрация" басқармасы тікелей Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қарамағына;

қорықтар-мұражайлар - оларды құрған облыстардың жергілікті бюджеттері есебінен ұстауға, ал облыстық қалпына келтіру шеберханалары - жергілікті атқару органдарының қарамағына берілсін.

3. Материалдық мәдени ескерткіштердің ғылыми-зерттеу және жобалау институтына, "Алматыреставрация" басқармасына, облыстық қалпына келтіру шеберханаларына бұрын "Қазреставрация" тресі үшін белгіленген шығынның сметалық құнындағы үстеме шығыстардың шекті нормалары және өндірістік базаны дамыту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру жөніндегі атқарылған жұмыстардың құнынан тапсырыс берушілер аударатын қаражаттың мөлшері сақталсын.

4. Қазақстан Республикасының Мәдени министрлігі жұмыс істеп жатқан штаттағы адамдар есебінен өз құрамында тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімін құратын болсын.

5. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің тарихи-мәдени мұралар департаментін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 шілдедегі N 621 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж

., N 29, 349-бап) 1-тармағындағы үшінші абзацтың, 2 және 3-тармақтарының күштері жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК